

«Қазақ мұнайының ардақтылары» атты өмірбаян сериясы Қазақстан Республикасының экономикасының кіндігі болып, бар саласына нәр беріп, әлемдегі мұнайлы елдердің қатарына қосылуына ерен еңбек сіңірген мұнайшы-ардагерлерімізге, олардың тәуелсіз еліміздің тарихында сақталатын өшпес есімдеріне арналған.

«Мұнайшы» қоғамдық қоры

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ

Өмірбаян сериясы

Басталуы – 2006 жыл



Қонарбай Қалдыоразұлы

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ ЖҰЛДЫЗДАРЫ...

Әбдірахманов Ұлықпан,
Балгенжиев Зинел, Махутов Әбілғазым,
Мұқамбаев Ақаш



Алматы 2011

УДК 622,32
ББК 33,36
К 25

Қонарбай Қалдыоразұлы

Мұнайлы өлке жұлдыздары... – Алматы, 2011. – 344 с.

ISBN 978-601-80004-9-2

Бұл кітапта елімізге белгілі мұнайшы – бұрғышылар, ұзақ жылдар бойы Батыс Қазақстан өңірінде, қарт Ембіде өлшеусіз еңбек етіп, бірнеше кен орындарын ашқан әмбебап мамандар – Социалистік Еңбек Ерлері Әбдірахманов Ұлықпан, Балгенжиев Зинел, Махутов Әбілғазым, Мұқамбаев Ақаштың, өмір жолы, Қазақстан мұнай өнеркәсібін дамытудағы мол үлесі әңгімеленеді. Қазақстан мұнай өнеркәсібі саласындағы қадау-қадау оқиғаларға куә болған әйгілі бұрғышылардың өмір жолы кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық.

УДК 622,32
ББК 33,36

ISBN 978-601-80004-9-2

© ОФ «Мұнайшы», 2011

I бөлім

Ақ көңілден шыққан сөз

(алғысөз орнына)

*Бұл сырды тыңда,
Ойла, күйге бөлен.
Туған жер топырағын сүйген ерен.
Дала зой сырласып кең даласымен,
Бешім қарт келе жатты баласымен.
Көп екен құпия тең шешілмеген,
Жөн-жосықсыз құмында есілмеген.
Торсық толы олжасын Москваға,
Жолдамапты зұлама Бешім бекер.
Соған қымай қоштасты батарында ай,
Шапағы да күн нұры шапағындай.
Өз атаңды ей, Ембі, Бешім деп біл,
Көмір атасы Байжанның атағындай.*

(Айтуар Өтегенов)

*М*ұнай! Сен не деген құдірет едің? Саған бас игендердің, сені іздеп шапқандардың да, сенен бақыт тапқандардың да саны жоқ. Бүгінде бар әлем елдерінің сенсіз бірде бабы, бірде бағы жоқ. Солай... солай... бауырым. Бүгінде әлемдегі бар күш-қуат, экономикалық жетістік белшеден батар байлық мұнайға ғана тіреліп, мұнай арқылы қол жетіп отыр. Ендеше, мұнай – мансап,

мұнай – мәртебе, мұнай – билік, мұнай – атақ, абырой. Демек, мұнай туралы қанша айтса да көптік етпейді. Мұнайдың мансап болатыны талайлар тағдырын мұнай деп аталатын ”қара алтын” өндірісімен байланыстыра өмір сүрді, биікке ұмтылды. Мұнайдың мәртебе болатыны – талайдың мерейін өсіріп, көңілін көкке өрлетті. Мұнай – билік, десек көз алдымызға мұнайдың құдіретімен талайлар тізгінге ие болып, таққа отырды. Ал мұнайдың – абырой, атақ болатыны ақ тер-көк тер болып еңбек еткендердің ерен табыстары ел тарапынан данққа бөленді. “Ат аунаған жерде түк қалады” дегендей, олардың өнегелі өмірлері, ізгі іздері мен кемел ойлары өңір тарихында үлкен әріптермен жазылғаны белгілі.

Қазақ даласы кеңдігімен қоса қазба байлықтарға да, қазына-көмбелерге де бай. Сонысымен де біздің еліміз әлем елдеріне белгілі, танымал. Әсіресе, қазақ елінің батыс өңірі тұтасымен мұнай мұхитының үстінде тұр десек артық айтқандық болмас. Бұдан бір ғасырдан астам бұрын өңірімізде белгілі болып, мұнай адам игілігіне кәдеге асқан. Қара май тарихы тіптен әріде жатыр десе де болады. Оның табылуына қазақ перзенттері әуелден үлес қосып, еңбегін сіңіргенмен, игерілуіне, пайдасын көруіне көзбе-көз шет ел алпауыттары иелене кеткені белгілі. Шаш етекпен пайда іздеген өзге елдік миссионерлер қазақтың ұлан даласын итше тіміскілеп, ұрыларша тіптіп, саутамтығын қоймағаны белгілі. Бұл әлі жалғасып келе жатқаны жасырын да емес, жасыруға да болмайды. Соған байланысты көңілге мына бір жыр жолдары орала берді.

*Мұнай менің мәртебем мен мерейім,
Байып шықты кешегі қу кедейің.
Мұнай болып елім жұртқа танылды,
Елдің қамын Елбасы боп жегеймін.*

*Мұнай менің мансабым мен мақтаным,
Мұнай елдің бақыты да ақ таңы.
Ел байлығын қайткенде мен еселеп,
Көбейтем деп көз ілмедім, жатпадым.*

*Мұнай менің қасіретім, қайғым да,
Ей, шет елдік, енді серттен тайдың ба?*

*Жер – Анамнан байлықты алып, айнала,
Тіршілікке өлім зәрін жайдың ба?*

*Мұнай деген ел қуаты, береке,
Мұнай – өмір тіршілікке мереке.
Мейманасы тасығандар үшін бұл,
Өлім себер құрал, білгін, келеке.*

*Соны ойлан, бүгінгі ұрпақ, қарағым.
Ел байлығын ізгі іске пайдалансаң, жарадың.
Мұнай – тері, ата-баба, әкемнің,
Мұнай – жасы аяулы, асыл анамның.*

Осынау өміріміздің бақыты мен жақұты, берекесі мен мерекесімен қатар қайғысы мен қасіреті де бола білген “қара алтын” атанған мұнайдың біздің жерімізде, елімізде қалай табылды, кәдеге асты, оның игерілуі қалай басталды? Міне, осы турасында белгілі мұнай маманы, жарты ғасыр мұнай саласында еңбек еткен Берік Айтжанұлы Қауқаев екеуміз сұхбаттаса отырып, әңгіме өрбітуді жөн көрдім. Бұл, бәлкім, менің осы кітабымды жазуыма өзек болмақ.

Қауқаев Берік Айтжанұлы 1942 жылы Мақат ауданында мұнайшы отбасында өмірге келген. Әкесі Айтжан Қауқаев өмірден өткенше мұнай саласының белді қызметкері болған абыройлы азамат. 1915 жылы Қызылқоға өңірінде өмірге келген Айтжан Доссор, Мақат мұнай кәсіпшіліктерінде бөлім бастығы (1933-1941), Мақат мұнай кәсіпшілігі бойынша БЛКЖО Орталық Комитетінің ұйымдастырушысы (1941-1945), Доссор автокөлік зауытында (1945-1948), Мұнайлы кәсіпшілігінде (1948-1952), Құлсары кәсіпшілігінде (1952-1956) Орталық Комитеттің ұйымдастырушысы, Қосшағыл, Құлсары мұнай кәсіпшілігінде партбюро хатшысы (1956-1961), бас экономист, бас есепші жұмыстарын атқарған. 1943 жылы 5 мамырда Ембі мұнайшыларының жоспардан тыс өндірген 1500 тонна мұнайды тиеген поезд эшалонын блокадалық Ленинградқа көмек ретінде алып барған Гурьев облыстық делегацияның жетекшісі болған. «Құрмет белгісі» орденімен (1964), «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін (1946)», «Ерлік еңбегі үшін», «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл» (1970) медальдарымен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған.

Міне, осындай өнегелі азаматтың отбасында өмірге келген Берік 1959 жылы Қосшағыл кентіндегі мектепті бітірісімен еңбек жолын Қосшағыл мұнай кәсіпшілігінде оператор болудан бастады. Жоғарғы оқу орнында оқып, тау-кен инженері мамандығын алып шығады. Кейін өндірісте шебер, бөлім бастығы, инженер, Құлсары мұнай-газ өндіру басқармасы кәсіподақ комитетінің төрағасы және басқа да лауазымды жұмыстар атқара білген азамат. Облыстық мәслихаттың да депутаты болғаны бар.

Өмірінің өнегелі шақтарын, яғни жарты ғасыр мұнай саласында еңбек етіп, ағалар тәлімін де алған, аға ұрпақ есебінде кейінгі толқын жас ұрпаққа берері де аз емес, мұнай маманының өткен өмірінде іске асар, қадеге жарар ізгілікті істері де аз емес екен. Ол Жылыойдай кең өлкеде мұнай өнеркәсібінің тұтастай тарихын терең де тиянақты білуі, зерделі зердесіне сақтай білуі дер едік. Сондықтанда осы кітаптың алғы сөзі ретінде екеуара сұхбатымызды өрбіте отырып жүргізуді жөн көрдік. Бұл пайдалы әдіс деп есептедім. Сонымен...

– Сіз аудандағы белгілі мұнай маманы ретінде өлкемізде мұнай көздерінің ашылуы, алғашқы кеніштердің өмірге келуі жөнінде не айтар едіңіз?

– Өңгімені әріден бастасақ – Ембі мұнайының табылуы мен игерілуі – атақты орыс зерттеуші ғалымдары еңбегінің нәтижесі. Бұған XVIII ғасырда академиктер – И.И.Лепехин, Т.С.Паллас, XIX – ғасырда Майор Созл, Карелин, Н.А.Северцев, П.П.Семенов – Тянь-Шаньский, XX – ғасырда академиктер С.С.Миронов, И.М.Губкин, Тихонович, Запятин, Боярунас және басқа үлес қосқан мамандардың еңбегін айта кеткеннің артықтығы жоқ деп есептеймін. Бұл өлкеде мұнайдың бар екендігі жергілікті Жылыой халқына ертеден-ақ белгілі болғандығын айтар ем. Бұған дәлел – Майлықұдық, Жақсымай, Мұнайлы деген түрлі жер аттарынан-ақ білуге болады, сөзімізге дәлел бола алады. Халық ауызындағы әңгімеге қарағанда Мәтен деген балгер-ақсақал кісі XVIII ғасырдың өзінде алдына ауырып келген науқастарды мұнаймен емдеген деген әңгіме кешеден бүгінге жетіп отыр. Оның үстіне көшпенді халық жер бетіне шығып жатқан қара майды (мұнайды) шырақ қып жағып, тұрмысқа да пайдалана білген...

Ал 1892 жылы Рязань – Орал теміржол қоғамы мен геологиялық комитет Жайық бойына және Үстіртке жаңа жол салу жұмысына қажетті тұщы су көзін табу үшін, сонымен қатар мұнай іздеу үшін қол ста-

ноктарымен Ескенеде бір, Доссорда алты, Қарашүңгілде бес ұңғыма қазылып, бұл жерлерде мұнай бар екендігі анықталады.

1888 жылы геолог Лебедев пен ағайынды Леман құрған «Ембі-Каспий» акционерлік мұнай бірлестігін басқару 1889 жылы Леманның билігіне тиіп, ол барлау жұмыстарының көлемін ұлғайтып, Қарашүңгілден тереңдігі 38 метрден 275 метрге дейін 21 ұңғы қаздырады. Тек 1899 жылдың он үшінші қараша айында №7 ұңғыдан 42 метр тереңдікте Жайық-Ембі өңірінде бірінші мұнай бұрқағын берді, өнімі тәулігіне 25 тоннаға жетті. Ұңғыдан шамамен 5 (бес) мың тонна мұнай өнімі алынып, тасымалданды. Көзі бітеліп қалғанша бұрқақ 18 сағат бойы шапшиды.

– *Қарашүңгілдей алғашқы мұнай көзі ашылған орынға сіз еңбек еткен басқарма белгі қойды, деп оқыдық қой баспасөзден, солай емес пе?*

– Иә, 1999 жылы қазақ мұнайының 100 жылдық мерекесі тойланып өтісімен-ақ көп ұзамай Қарашүңгілден алғаш мұнай көзі ашылған орынға арнайы белгі қойылды. Қазірде, бұрында Қарашүңгіл киелі де белгілі орын ғой. Өйткені, ол Әулиелер тыныстап жатқан киелі орын. Оның үстіне Қара-жігіт те, Шүңгіл-қыз да, махаббат құрбандары ретінде аңызға айналған жандар деп есептелінеді. Демек, ол тарихи орын ретінде де әспеттеледі. Сонымен... сонымен әнгімімізді әрі жалғастырсақ... Қарашүңгілдегі ұңғы кейін құмығып мұнай бермей қалғасын мұнай іздеушілер бұл аймақты тастап, Каспий теңізі жағалауына қарай ойысып, Қаратон алаңын қазуға кіріседі. Қаратон кен іздеу алаңында Леман компаниясы тереңдігі 21 метр тереңдікке дейін 13 ұңғы қазады. Ұңғылардың тайыздығына қарамастан әрбірі тәулігіне 200 келіден мұнай өнімін беріп тұрады. Ол мезгілде өте терең деп бағаланатын 355 метрлік 7 ұңғы қазылады. Бірақ өндірістік мұнай қоры ашылып, алынбайды, тек геологиялық материалдар жинақталады. Жиырмасыншы ғасырдың басында қаржы тапшылығынан 1902 жылдары Қаратон, Қарашүңгіл алаңдарында барлау-бұрғылау жұмыстары тоқтатылады.

– *Сөйтін, қазақ даласынан мұнай іздестіру жұмысы Кеңес Өкіметі орнап, нығайғанша жүргізілмеді дейсіз ғой?*

– Иә. Бүкіл қазақ мұнайының алтын бастауы болған Қарашүңгілден кейін мұнай кен орындарын ашуға геологтар қанша күш жұмсап, талпынғанымен, сәтсіздіктерге кезігіп отырғаны өкінішті еді. Сол сәтсіздікке ұшыраған Қарашүңгіл мұнай алаңын ашып, аз да болса

өнім өндіруге Жылыой жұртшылығы, қыруар, еңбек сіңірді. Сөйтіп, өлкемізде жұмысшы табының қалыптасуына алғашқы соқпақ салынды десе де болады.

– Ал, Кеңес Өкіметі орнады. Содан кейінгі геологиялық жұмыстар қалай басталып, жүргізілді?

– Қосшағыл кен орны кездейсоқ табылды. Оны маман геологтар емес, қой баққан қарапайым шаруа аяқ астынан тапты. Жылыой өңірінің төл тұтқасы – жергілікті азамат Бешім Қызылбасов қазіргі Қосшағылдың ортасында жер бетіне шығып жатқан қара майды (мұнайды) көріп, оны торсығына құйып алады. Содан соң сол бір торсық мұнайды табанынан сарсылып іздесе де таба алмай жүрген геологтарға апарып көрсетеді. Осыдан кейін ғана Қосшағыл мұнай алаңына барлау жұмысы жүргізіліп, кен орны белгілі бола бастайды. Сөйтіп, қазақ мұнайы тарихында жаңа бір кезең бастау алғандай көрінеді. Соның ішінде Жылыой жерінде Қосшағыл тарихында 1926 жыл «беташар жыл» болып есептеледі. Петр Яковлевич Авровтың басқаруымен геологиялық бедерлеу жұмыстары жүргізіледі. Одан кейінгі жылдары геология және геофизикалық кешенді жұмыстар, ал 1932 жылдың басынан толық зерттеу жұмысы жүргізіле бастайды. Сөйтіп, 1932 жылы сорды жағалай көлбеп жатқан Қостөбе басына алғашқы геологиялық барлау мұнарасы қондырылады да, бар байлығын өз қойнына бұйыға жасырып жатқан жеті қат жер астына болат бұрғы бойлайды. Көп мезгіл өтпей, барлаушылар қатал табиғаттың қиындығымен қайсарлықпен күресе отырып, өздерінің қажырлы еңбектерімен үкімет пен партияның қамқорлығының арқасында Қосшағыл алаңында мұнайдың мол қоры бар екенін анықтайды. Сөйтіп, Қосшағыл мұнай кеніші 1935 жылы 23-ші қыркүйекте іске қосылады. №6 ұңғыдан тәулігіне 250 тоннаға дейін мұнай өнімі алынады. Бұл ұңғыны бұрғылауға қатысқан майталман бұрғышы, 1929 жылдан КОКП мүшесі Рақышев Сисен ерекше еңбек сіңіреді.

Бұл істі кейінгі ұрпақ үлкен сүйіспеншілікпен атап, мәңгі жадында сақтайтынын өзі көзін ашқан «қара алтын» байлығын игеруге өз ұрпақтары ат салысатынын сол сәтте Бешім қарт та, басқа да білген жоқ еді. Абзал іс иесіне кейін КСРО атынан халық комиссариаты өмірлік зейнетақы тағайындап, лайықты бағасын береді.

Кейінгі жылдары белгілі ақын Лұқпан Сисекенов «Мұнай тапқан Бешім ата және оның әулеті» атты очерк жазды. Бұл күнде Қосшағыл

кентінде Бешім ата атында асфальтталған орталық көше бар екені бір мақтаныш.

– *Жалпы Қосшағыл мұнайының сапасы, оның алғаш өндіріс болып қалыптасуы жайлы не айтар едіңіз?*

– Мынадай бір дерек келтірейін. «Ембімұнай» тресінің 1926-1927 жылдардағы өндірістік есебінде Қосшағылдан табылған мұнайдың өзіндік салмағы 0,952, қойнау температурасы +17С, қату температурасы -15С шамасында.

1929 жылы 26 қараша мен 2 желтоқсан аралығында Мәскеуде өткен мұнайшы-геологтардың съезінің шешіміне сәйкес бірінші бесжылдықта Қосшағыл алаңында тереңдігі 380 метр болатын 7 ұңғы қазу жоспарланады. Қажетті құрал-жабдықтар аса ауыр жағдайда, үлкен қиыншылықпен Гурьевтен, Доссордан тасымалданғанына қарамастан алаңды жан-жақты зерттеу жұмыстары қарқынды жүргізіледі. Алаңды зерттеуде, барлап-бұрғылауда Илиясов Құби, Есенғалиев Төлеп, Жабиев Бораш және басқа атақты бұрғышылар үлкен еңбек сіңіргені белгілі.

Қыруар еңбек нәтижесі өз жемісін береді. Атақты бұрғышылар Рақышев Сисен мен Дәулетов Тілес кен орнын шын мәнінде тұңғыш рет өнеркәсіптік негізде ашушылар болып есептелінеді. Осылайшы жаңа кен орнына өмірге жолдама беріледі. Алғашқы да Қосшағыл кен орны бөлімше ретінде Доссор-Мақат кәсіпшілігіне қараған. Бөлімшенің алғашқы меңгерушісі Долгов деген азамат болған. Өндірілген мұнай алғашында түйе арбамен Доссорға тасылады. Кейін 90 шақырымдық жердегі Рәкөшке сегіз дюймдік құбырмен айдалады. Мұрағат құжаттарында құбыр тарту жұмысы 1932 жылы жоспарланған, техника мен адам күші қажеттілігіне байланысты есептелген. Бірақ, құбырдың қай мезгілде іске қосылғаны жөнінде қажетті дерек табылмағанын айта кеткен жөн.

Алматы қаласында өткен Қазақстан өлкелік ВКП (б) 8-конференциясында 1933 жылы құрылысы басталған Ембі-Орск мұнай құбырының құрылысын тездету үшін Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстық партия ұйымдарына, «Ембімұнай» тресінде күнделікті көмек беруді оның ішінде көліктің барлық түрлерін ұйымдастыру және құрылысқа партия мүшелерін, маман жұмысшылармен кеңінен қамту жүктеледі. Сайып келгенде, 150 автокөлік жүргізуші, 50 адам басқа механизмдерге, 60-қа жуық адам бригадирге және құрылысқа қажетті мамандықтар бойынша дайындау жоспарланады. Осы кезеңде ұйымдастырылған

қысқа мерзімді курстарға басым көпшілігі жергілікті қазақтар барын деп конференция қаулысында атап көрсетілген.

Сонымен қатар ұжымшарлардан таңдаулы 2 мың адамды жер қазу бригадаларына ұйымдастырылады. Сондай-ақ, жұмысшыларды жабдықтау бөліміне жол бойы жұмысындағыларды қажетті көкөніс өнімімен қамтамасыз ету, күнделікті тамақпен және тұрмыс жағдайларын бірыңғай қалыпқа келтіру тапсырылады. Жанқиярлық еңбектің нәтижесінде 12 дюймдік 720 шақырымдық Каспий-Орск мұнай құбырлары 1935 жылы 11 қарашада іске қосылып, Қосшағыл мұнайы араға 26 күн салып, 7-желтоқсанда (1935ж) алғашқы рет Орск мұнай зауытына жеткізіледі. Мұнай құбыры іске қосылғанға дейін 1934 жылы 26 қазанда Қосшағыл алаңында қазылып жатқан №21 ұңғыдан, цемент көпірін бұрғылау кезінде ашық мұнай бұрқағы атылады. Бұрқақ астында 430 метр тұрба көтеріліп, 3 сағаттан кейін ұңғы аузына 8 дюймдік ысырма орнатылып, бұрқақ ауыздықталады. Он атмосфералық қысыммен забойдағы қашау арқылы ұңғыдан тәулігіне 500-600 тонна мұнай алынады. Мұнайдың өзіндік салмағы 0,855, түсі және жеңілдігі Доссор мұнайына өте ұқсас болған.

Бұл кезеңде кәсіпшілік директоры Ерохин, партия комитетінің хатшысы Ғазизов, кәсіподақ комитетінің төрағасы Ж.Сүлейменов 1934 жылғы 10-қарашада ВКП (б) өлкелік партия комитетіне – Мирзоянға, Халық комиссарлары Кеңесіне – Исаевқа, «Казахстанская правда» газетінің редакциясына жедел хат жолдайды. Жедел хат мәтіні 1934 жылғы 10-қарашадағы «Каз.правда» газетінің №259-нөмірінде жарияланады.

Қосшағыл сияқты жаңа кәсіпшіліктің іске қосылуына байланысты өндірістік базалар мен тұрғын үйлер салу кезек күттірмейтін қауырт істердің біріне айналады. Жаңа кәсіпшілікте электр станция, механикалық шеберхана, мұнай сақтайтын резервуарлар паркін, мұнай, су айдайтын құбырлар, мектеп, аурухана, балалар бақшасын жедел салу қажет болатын. Осы кәсіпшіліктің тұрғындарын, техникалық жағдайды былай қойғанда, ауыз сумен қамту өте қиын проблема болды.

«Ембімұнай» тресінің басшылары өндірісті дамытуға қаржы мен қол күшін, техника мен материалдар сұрау үшін және ауыз су проблемасын шешу үшін Мәскеуге барып тиісті орындарға мәселе қояды. Қойылған барлық мәселелерін ойдағыдай шешілуіне нақ сол кезде

Мәскеуде жүрген республика басшылары Левон Мирзоян мен Ораз Исаевтың көп көмегі тиеді.

Ауыз су мәселесі бойынша КСРО Ауыр өнеркәсібі комиссары Лазарь Мойсеевич Качаганович Мақаттан Қосшағылға тұрақты су жеткізіп тұруға 25 су таситын автокөлік бөлгізеді. Мұның өзі де ауыз су мәселесін біршама шешуге едәуір мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған басшының ұсынысымен 1930 жылдың басында Гурьев пен Қосшағыл аралығына су құбырын салу, мұнайшылар мен олардың отбасыларын ауыз сумен қамтамасыз ету жөнінде ВКП (б) Саяси бюросы шешім қабылдайды. Үш-төрт айдың ішінде су құбырының трассасы белгіленіп, оның жобасы жасалады, қаржы бөлінеді. Құрылысты қарқынмен жедел жүргізу үшін Мәскеуден арнаулы құрылысшылар келеді.

1938 жылдың мамыр айынан бастап су құбыры тартылатын трассаның бойы қайнаған еңбек майданына айналады. Екі жүз шақырымға созылған Гурьев-Қосшағыл аралығы қара құрымдай қаптаған техникаға толып кетеді. Жер қазатын экскаваторлар, құбыр төсейтін агрегаттар, жүк көліктері-автомашиналар, тракторлардан жер қайысады. Қолына күрек ұстауға жарайтын адамдар да бұл жұмыстан қағыс қалмайды. Бүкіл трасса бойында вагондардан қалашық жасалып, шатырлар құрылады. Олардың жанынан моншалар мен асханалар, дүкендер ұйымдастырылады. Құрылысшылардың ынта-жігері арқасында Гурьев-Қосшағыл су құбыры жоспарланған мерзімі – 1938 жылы 1-қазанда аяқталып, Қосшағыл тұрғындары Жайық суымен толық қамтамасыз етіледі.

Осы мезгілде Қосшағыл кәсіпшілігінің директоры қызметін Сағындықов Рақымжан атқарған болатын. Ол Ембінің ежелгі мұнайшысы, Орынбордың рабфагін, Бакудің өндірістік академиясын бітірген азамат. Осыған дейін басшы болған басқа ұлт өкілдерінен кейін болған бірінші қазақ директоры еді.

Тұрғындарды баспанамен, балабақшаларымен, аурухана, асханаларымен қамтамасыз ету үшін Р.Сағындықов Қосшағылға қоныс аударған Жылыойдағы үйлерді, басқа да ғимараттарды бұзып, оның пайдаға асатын материалдарын тасып, жоғарыда аталған нысандарды тұрғыздырады.

Бірінші бесжылдықтағы бұрғылау-барлау жұмыстары Қосшағыл кен орнының қоры 7 млн тонна деп жобаланады. Айта кету керек, 70

жыл ішінде бұл кен орнынан 6 млн тонна мұнай өндіріледі, қалған қорды ашуға жұмыс жалғасуда. Ал кен орны кәсіпшілік болып 1935 жылы 23-қыркүйекте ресми құрылады. Бұл Атырау өңіріндегі Доссор мен Мақаттан кейінгі үшінші мұнай өндіру кен орыны еді.

– *Аудан орталығы Қосшағылға қай жылдары көшірілді? Сол жылдарда қалыптасқан стахановшылар қозғалысы жайлы не айтар едіңіз?*

– 1930-1935 жылдары мұнай барлаушылардың, кейін ашылған мұнай алаңына игерушілердің келуіне байланысты Қосшағыл кенті пайда болды. Кент әуелі «Поселок 1-ой пятилетки» деп аталып, кейіннен Қосшағыл атағы беріледі. Алғашқы ауылдық кеңестің төрағасы Ш.Жаналиев, кейіннен Ж.Кенжетаев, С.Әбенев (1938-1950) болады.

Қосшағыл кен орны игеріліп, басқа мұнай алаңдары ашылғаннан кейін, аудан орталығы Қаңбақты (Жилая Коса) кентінің экономикалық, әкімшілік орталығы ретінде қалуының мәні кете бастайды. Жем өзенінің суы тартылып, оның үстіне Каспий теңізі де алыстап, балық аулау азая береді. Сол себептен аудан орталығы 1938 жылы Қосшағылға көшіріледі.

Қосшағыл өнім бере бастаған тұста елімізде Донбасс шахтері Алексей Стахановтың бастамасы өркен жая бастайды. Бұл бастаманы Ембі мұнайшылары, оның ішінде қосшағылдықтар да қуана қарсы алады. Стахановтық қозғалысты ұйымдастырушылар коммунистер, ал жауынгерлік мектебі партия ұйымы болады. Партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары мен әкімшіліктің бұқаралық саяси-тәрбие жұмыстары нәтижесінде уақыт өткен сайын стахановшылар қатары өсе түседі. Егер 1935 жылдың 1-қарашасында жалғыз Кузьмин стахановшы атанса, 1936 жылдың бастапқы айларында олардың саны 192 адамға жетіп үлгереді.

Еселі еңбек арқасында қосшағылдықтар 1936 жылы өндірістік тапсырмаларын 30-қазанда орындап, Отан игілігіне 235 000 тонна «қара алтын» жөнелтеді. Бұл ең жоғарғы жылдық өнім есебінде бағаланды. Бұл мұнайшы комитетінің теңдесі жоқ жеңісі мен табысының көрінісі еді. Ол ұжымның ерен еңбегінің арқасында партия комитетінің, оның хатшысы Я.К.Аллояровтың байыпты басшылығы, мұнайшыларға деген қамқорлығының нәтижесі болатынды.

– *Қосшағыл жайлы біраз әңгіме қаузадық білем, енді Құлсары жайына тоқталсаңыз?*

– Құлсары 1933 жылдан бастап зерттеле бастады. «Ембімұнай» тресінің геологиялық барлау кеңесі 1935 жылдың 3-қазанында №1 ұңғыға алғаш бұрғы салады. 692 метр тереңдіктен кейін 1936 жылдың 20-сәуірінде бұрғылау жұмыстары аяқталып, мұнай қабаттары қаралмай, ұңғы қазылмай қалдырылады. Оның басты себебі – осы кезеңде перспективасы үлкен №3 ұңғыма қазыла бастаған еді. 1050 метрге дейін қазылған бұл ұңғы да еш нәтиже бермегені белгілі. Ол төрт ай колонна күтіп тұрған ұңғы 1937 жылдың 31-желтоқсан күні трест комиссиясының шешімімен жойылады. Ұңғының құжатында сол мезгілде аудан прокуроры болған Төрәлиев Қалманның «Эмба-нефть» тресінің (Казнефтькомбинат) басшыларына ұңғыны не себептен қалдырылғаны жөнінде сұраған хаты сақталған.

Құлсары кен орны өз алдына кәсіпшілік болғаннан кейін №3 ұңғыда қайта жұмыстар жүргізіліп 1940 жылдың 19-тамызында төрт атмосфералық қысыммен тәулігіне 15 тонна мұнай алына бастайды.

Алғашқы қазылған ұңғылардан мұнай-газ қоры анықталғасын 1938 жылдан бастап Құлсары алаңында бұрғылауға бар күш жұмылдырылады да жауапты учаске деп жарияланады. Алаңдағы біршама бұрғылау жұмыстарын белгілі төңкерісшіл-жазушы Сабыр Шәріпов басқарады.

Жалпы, Құлсары кен орны қолдан-қолға өтіп басқарушы мекемелер жиі ауысып отырған. 1935-1937 жылдар аралығында Қосшағыл кәсіпшілігіне, 1937 жылы «Эмба-нефть» тресінің геологиялық барлау кеңсесіне, ал 1938 жылдан бастап өз алдына отау құрғанша Қосшағыл кәсіпшілігінің қарамағына берілген.

1938 жылдың 26-қаңтарында жобалық тереңдігі 1000 метр болатын №10 ұңғыны бұрғылау басталады. Белгілі бұрғылау шебері Алдақов Жаулыбай бастаған бұрғышылар бригадасында Махамбетов, механик Құлбаев Боранша, дизелист Қаржаубаев Якуда, Меңдібаев, Саламатов, Рашпаев сыңайлы мамандар қызмет етеді. 1062 метр тереңдікке жетіп қазу процесі 1938 жылдың 24-мамыры күні тоқтатылған. Көп жерде айтылып келгеніндей, осы күні мұнай бұрқағы алынып, Құлсары кен орнының ашылған күні деп есептелінген. Шын мәнінде қабаттан мұнай өнімін алу 1938 жылдың 23-тамызында сынақ кезінде болған, 39 атмосфералық қысыммен 1938 жылдың 23-тамызынан 24-тамызына дейін ұңғыдан 49 тонна мұнай алынған. 25-тамызда 51 тонна, барлығы 100 тонна мұнай алынған. Тәуліктік өнім 55,8 тонна деп

белгіленген. Мұнайдың 52% бензин, 23 % керосин, майлы мазут 25% алынатыны анықталған. Меншікті салмағы 0,777 құраған.

Бұған іле-шала Шуаққали Қарамендиев бұрғылаған №182 ұңғыдан мұнай бұрқағы атқылады. Бұл болашақ кәсіпшіліктің дүниеге келуін біржолата бекітті. 1938 жылдың 15-қарашасындағы «Эмбанефть» тресінің бұйрығы бойынша Құлсары кәсіпшілігінің директоры болып Афраим Афраимович Инсаров тағайындалады. Мамандығы – заңгер, Белоруссия әскери округінде әскери сотты басқарған, директор болып тағайындалғанша тресте заңгер-кенесші қызметін атқарған. Оған Қосшағыл кәсіпшілігінен бөліну, мамандар мәселесін шешу, 1-қаңтарынан 1939 жылдың Құлсары кен орнын дербес кәсіпшілік етіп құру жұмыстары тапсырылады. Мұнай саласын жетік білмейтін маманды мұндай жауапты жұмысқа басшы қылғаны көп сұрақ тудырғаны белгілі. Жалпы мамандарды тағайындау Мәскеу арқылы «Эмбанефть» тресі өзінің бұйрығымен жүзеге асырып отыратын болған. Жаңа өндіріс ұйымдастырғанда (құрғанда) бірінші кезекте жабдықтау жұмыстары тұратыны белгілі. 1939 жылдың мамыр айында Инсаров директорлық жұмыстан «Эмбанефть» тресіне басшы қызметіне кетіп, сонда ұзақ жылдар жасаған. Соған қарағанда оның осы жұмысқа іскерлігін пайдаланған болар деп жорамал жасалынды. Бірақ бұрғылаған ұңғылардың саны 1938-1939 жылдары тек 8 болған, өндірілген мұнай көлемі де айтарлықтай көбеймегенге ұқсайды. Ал өндірілген мұнай көбіне ішкі сұраныстарға жұмсалып отырған. Мұнай айдалатын құбырдың қай уақытта салынғаны жөнінде дерек табылмағаны өкінішті. Тек мұнай сорапты, мұнай жинайтын қазандарды кентінің оңтүстік жағынан 150 метр қашықтықта тұрғызсын, деген акт бар. Кенттің оңтүстігі қазіргі «Жылыой су» мекемесінің су жинайтын қазандықтары тұрған жер болатын.

Бұрғылау жұмыстары кәсіпшілікке 1940 жылдың қыркүйегінде Крепостин Иван Семенович директор болып тағайындалғаннан кейін жанданып, қарқын ала бастайды. Осы жылдың өзінде-ақ 10 ұңғы іске қосылады.

Ұлы Отан соғысы басталар алдында 1941 жылдың наурыз айында кәсіпшілік директоры Крепостин Құлсары бұрғылау цехының бастығы жұмысына ауысады. Ұңғылардың санын көбейту мақсат болған сыңайлы. Өйткені, Крепостин таза бұрғышы, Жылыой, Мақат аудандарындағы барлық дерлік кен орындарын іске қосуға ат салысады.